

"Теніз кемесін пайдалану" кәсіби стандартын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 20 қарашадағы № 916 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 19 желтоқсанда № 8976 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 25 ақпандығы № 224 бұйрығымен

Ескеरту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 25.02.2016 № 224 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 138-5-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Теніз кемесін пайдалану» кәсіби стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Кадр және әкімшілік жұмыс департаменті (Е.Е. Хасенов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, бұқаралық ақпараттар құралдарында ресми жариялануын, соның ішінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында және Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының интранет-порталында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы «Әділет» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға көшірмесін жіберуді;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік тіркеу туралы және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жіберу туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Жұмағалиев

«КЕЛИСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының

Еңбек және халықты

әлеуметтік корғау министрінің

міндеттін атқарушысы

----- K. Әбсаттаров

2013 жылғы 4 қараша

Қазақстан Республикасы

Көлік және коммуникация министрінің

2013 жылғы «20» қарашадағы

№ 916 бүйрығымен бекітілген

«Теңіз кемесін пайдалану» кәсіби стандарты

1. Жалпы бөлім

1. «Теңіз кемесін пайдалану» кәсіби стандарты (бұдан әрі - КС) «Теңіз және жағалау жолаушы көлігі», «Теңіз және жағалау жүк көлігі» кәсіби қызмет саласындағы біліктілік деңгейіне, құзыретіне, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды анықтайды және:

1) еңбек саласы мен кәсіби білім беру саласының өзара қарым-қатынасын р е т т е у г е ;

2) даярлау, біліктілікті арттыру және кәсіби қайта даярлау бағдарламаларын әзірлеу талаптарын регламенттеуге;

3) персоналды аттестаттау және сертификаттау кезінде жұмысшылардың құзыреттерін бағалау талаптарын регламенттеуге арналған.

2. КС негізгі пайдаланушылары:

1) білім беру ұйымдарының түлектері, қызметкерлер;

2) ұйымдардың басшылары, ұйымдардың персоналын басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;

3) білім берудің мемлекеттік бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;

4) мамандардың кәсіби даярлығын бағалау және біліктілігіне сәйкестігін растау саласындағы мамандар болып табылады.

3. КС негізінде біліктілік сипаттамалары, лауазымдық нұсқаулыштар, ұйымдардың үлгілік оқыту бағдарламалары, үлгілік оқыту жоспарлары, ұжымдық стандарттар әзірленеді.

4. Осы КС мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің еңбек қызметінің белгілі бір түрі шенберінде

нақты функцияларды сапалы орындауға дайындығы;

2) біліктілік деңгейі – күрделілігі, еңбек қызметтерінің стандартты еместігі, жауапкершілігі және дербестілігі параметрлері бойынша жүктелетін қызметкерлердің құзыретіне қойылатын талаптар жиынтығы;

3) еңбек заттары – белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен өнім жасау мақсатында қызметкердің іс-қимылы бағытталған зат;

4) еңбек құралдары – жұмысшының еңбек заттарын бастапқы қүйден өнімге айналдыру үшін пайдаланатын құралдар;

5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функциялары мен оларды орындауға қажетті құзыреттіктердің тұтас жиынтымен құралған кәсіби қызмет саласының құрамдас бөлігі;

6) еңбек функциясы – бизнес-ұдеріспен анықталатын және оларды орындауға қажетті құзыреттердің болуын болжамайтын еңбек қызметінің біріктілген және дербес жиынтығын көрсететін еңбек қызметі түрлерінің бір бөлігі;

7) кәсіби қызмет саласы – жалпы интеграциялық негізі (міндеті, нысандары, технологиялары, соның ішінде еңбек құралдары ұқсас немесе жақын) бар және ұқсас еңбек функциялары мен оларды орындайтын құзыреттіліктерінің болжалды жиынтынан тұратын саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

8) кәсіби стандарттың бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, қатысымды дербес және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасы тұратын кәсіби стандарттың құрылымдық элементі;

9) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін еңбек қызметінің түрі;

10) құзыреттілік – еңбек қызметінде білімін, білігі және тәжірибесін қолдану қабілеті;

11) лауазым – лауазымдық уәкілеттіктер және лауазымдық міндеттер шеңберін жүктейтін жұмыс берушінің құрылымдық бірлігі;

12) міндет – нақты бір еңбек заттары мен құралдарын пайдалана отырып еңбек функциясын іске асырумен және нәтижеге қол жеткізумен байланысты іс-қимыл жиһнұғы;

13) сала – өндіретін өнім, өндіріс технологиясы, негізгі қорлар мен жұмыс жасаушылардың кәсіби біліктері ортақ ұйымдар жиынтығы;

14) салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - СБШ) – салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

15) ұлттық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - ҰБШ) – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

16) функционалдық карта – сол немесе өзге де кәсіби қызмет саласы

шенберінде белгілі бір қызмет түрін орындайтын жұмысшының еңбек функциялары мен міндеттерінің құрылымдық сипаттамасы.

2. КС паспорты

5. КС паспорты мынаны анықтайды:

- 1) экономикалық қызмет түрі (кәсіптік қызмет саласы):
Экономикалық қызмет түрінің жалпы жіктегіші (бұдан әрі – 03-2007 ҚР МЖ) «50.1 Теніз және жағалау жолаушы көлігі», «50.2 Теніз және жағалау жүк көлігі»;
- 2) экономикалық қызмет түрінің (кәсіптік қызмет саласының) негізгі мақсаты:
әуе көлігімен тасымалдауға жататын қызметті қамтамасыз ету;
- 3) осы КС 1-қосымшасына сәйкес біліктілік деңгейлері бойынша еңбек қызметінің (кәсіптің) түрлері.

3. Еңбек қызметі түрлерінің (кәсіптің) карточкалары

1-параграф «Капитанның төртінші көмекшісі»

6. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

- 1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4, СБШ бойынша – 4;
- 2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі – ҚР 01-2005 МЖ) бойынша базалық тобы: жоқ;
- 3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: штурмандық вахтаның вахта оғицері;
- 4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы - кеме операцияларын басқару және пайдалану деңгейінде кемедегі адамдарды өз құзыреті шегінде күтү;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіптік білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. «Капитанның төртінші көмекшісінің» еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» деген 1-кестесінде келтірілген.

2-параграф «Капитанның үшінші көмекшісі»

7. Еңбек қызметі түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

- 1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4, СБШ бойынша – 4;
- 2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі – ҚР 01-2005 МЖ) бойынша базалық тобы: жоқ;

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: штурмандық вахтаның вахта оғицері;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы - кеме операцияларын басқару және пайдалану деңгейінде кемедегі адамдарды өз құзыреті шегінде күтү;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіптік білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. «Капитанның үшінші көмекшісінің» еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» 2-кестесінде келтірілген.

3-параграф «Капитанның екінші көмекшісі»

8. Еңбек қызметі түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4, СБШ бойынша – 4;
2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР 01-2005 МЖ) бойынша базалық тобы: жоқ;

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: штурмандық вахта оғицері;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы - кеме операцияларын басқару және пайдалану деңгейінде кемедегі адамдарды өз құзыреті шегінде күтү;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіптік білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. «Капитанның екінші көмекшісінің» еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» 3-кестесінде келтірілген.

4-параграф «Капитанның аға көмекшісі»

9. Еңбек қызметі түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4, СБШ бойынша – 4;
2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР 01-2005 МЖ) бойынша базалық тобы: жоқ;

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: штурмандық вахта оғицері;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы - пайдалану деңгейінде жүктерді арту және түсіру, кеме операцияларын басқару және

пайдалану деңгейінде кемедегі адамдарды өз құзыretі шегінде құту;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіптік білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. «Капитанның аға көмекшісінің» еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» 4-кестесінде келтірілген.

4. КС бірліктерінің тізбесі

10. КС бірліктерінің тізімі осы КС 3-қосымшасының 1-4-кестелерінде келтірілген және шифр мен КС бірліктері атауларынан тұрады.

5. КС бірліктерінің сипаттамасы

11. КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 4-қосымшасының 1-4-кестелерінде келтірілген.

6. Осы КС негізінде берілетін сертификаттардың түрлері

12. Осы КС негізінде мамандардың кәсіптік дайындығын бағалау және біліктілік сәйкестігін растау саласындағы ұйымдармен сертификаттар беріледі.

13. Осы КС негізінде берілетін сертификаттардың түрлері сертификат алу үшін игеру қажет болатын осы КС 3-қосымшасында көзделген КС бірліктерінің тізбесіне сәйкес анықталады.

7. КС әзірлеушілері, келісу парагы, сараптамасы және тіркелуі

14. КС әзірлеушісі Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі болып табылады.

15. КС келісу парагы осы КС 5-қосымшасында келтірілген.

«Теңіз кәсіби 1-қосымша кемесін стандастына пайдалану»
кемесін стандастына
1-қосымша

Біліктілік деңгейлері бойынша еңбек қызметінің (кәсіптің) түрлері

№ р/с	Қызмет түрінің атауы	Еңбек нарығының үрдісі ескерілген кәсіп атауы	КР МЖ 01-2005 сәйкес кәсіп атауы	СБШ-ның біліктілік денгейлері	БТБА бой дәрежелері

1	Капитанның төртінші көмекшісі	Капитанның төртінші көмекшісі	-	4	-
2	Капитанның үшінші көмекшісі	Капитанның үшінші көмекшісі	-	4	-
3	Капитанның екінші көмекшісі	Капитанның екінші көмекшісі	-	4	-
	Капитанның аға көмекшісі	Капитанның аға көмекшісі	-	5	-

Ескертпе: БТБА – Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы.

«Теніз кемесін пайдалану»
кәсіби стандартына
2-қосымша
1-кесте

1. Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары. Капитанның төртінші көмекшісінің еңбек жағдайларына, біліміне мен жұмыс тәжіриbesіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (үйымдар)	Теніз көлігінің ұйымдары
Зиянды және қауіпті еңбек шартты	Сырғанау, тайғақ беттер, бөліктердің немесе материалдардың еркін қозғалуы (құлау, домсырғанау, тұсу, тербелу), жанғыш және жарылыс қауіпті заттар, электр магниттік сәуле шу, діріл, жоғары және төмен температура және ылғалдылық, ауыр жұмыс (карқын ыргақсыз, біркелкілік, және т.б.), қолайсыз ая-райы жағдайлары (кар, ыстық, және т.б.), жұмыс істеу
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше шарттары	Тенізшілерді дайындау және дипломдау, және вахта жұмысын атқару туралы Халықар Конвенцияға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік актілеріне, Қазак Республикасының кемелердегі қызмет Жарғысына сәйкес
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі
	<p>Кеме жүргізу саласында техникалық және кәсіптік білім туралы құжат.</p> <p>Оқу бағдарламаларының орындалуын растайтын құжаттар немесе жүзу өтілі кем дегенде 12 ай болғандығын растайтын анықтамалар, соның ішінде кем дегенде вахта көмекші-машықтанушысының міндеттерін немесе капитанның, димломды маманның немесе практиканың тәжірибелі басшысының басқаруымен, жалпы сыйымдылығы 500 және одан жоғары болатын өздігінен жүзетін кемелерде практикант міндеттінің орындалуын растайтын анықтамалар. АБФТЖ-ң шектеулі аймағы операторының дипломы немесе АБФТЖ операторының дипломы. Қауіпсіздік бойынша бастапқы дайындықтан өту туралы күмелік.</p>
	Жүзу өтілі кем дегенде 12 ай, с ішінде кем дегенде вахта көмекші-машықтанушысының міндеттес

Маманның құтқару шлюпкалары мен салдар және кезекші шлюпкалар бойынша дайындықтан өтуі туралы куәлік. Кенеңтілген бағдарлама бойынша өртпен күреске дайындықтан өту туралы куәлік. Алғашқы медициналық жәрдем көрсете бойынша дайындықтан өту туралы куәлік. Радиолокациялық станцияны пайдалану бойынша дайындықтан өту туралы куәлік. Автоматтық радиолокациялық төсем жүйелерін пайдалану бойынша дайындықтан өту туралы куәлік (АРТЖ пайдалану бойынша дайындық туралы куәлік болмаған жағдайда, диплом «АРТЖ-сыз» шектеумен беріледі. Электрондық картографиялық навигациялық ақпараттық жүйені пайдалану бойынша дайындықтан өту туралы куәлік. (ЭКНАЖ пайдалану бойынша дайындықтан өту туралы куәлік болмаған жағдайда, диплом «ЭКНАЖ-сыз» шектеумен беріледі). Корғау бойынша дайындықтан өту туралы куәлік

немесе капитанның, димлом маманның немесе практика тәжірибелі басшысының басқару жалпы сыйымдылығы 500 және жоғары болатын өздігінен жүккемелерде практиканант міндет орындау

2-кесте

2. Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары. Капитанның үшінші көмекшісінің еңбек жағдайларына, біліміне мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар)	Теңіз көлігінің ұйымдары	
Зиянды және қауіпті еңбек шартты	Сырганау, тайғақ беттер, бөліктердің немесе материалдардың еркін қозғалуы (құлау, домсырганау, тұсу, тербелу), жанғыш және жарылыс қауіпті заттар, электр магниттік сәулелену діріл, жоғары және тәмен температура және ылғалдылық, ауыр жұмыс (қарқындық, ырғабіркелкілік, және т.б.), қолайсыз ая-райы жағдайлары (кар, ыстық, және т.б.) суда жұмыс іст	
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше шарттары	Теңізшілерді дайындау және дипломдау, және вахта жұмысын атқару туралы Халықар Конвенцияға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік актілеріне, Қазақ Республикасының кемелердегі қызмет Жарғысына сәйкес	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжіриб
	Кеме жүргізу саласында техникалық және кәсіптік білім тұрағалық жағдай . Оқу бағдарламаларының орындалуын растайтын құжаттар немесе жүзу өтілі кем дегенде 12 ай болғандығын растайтын анықтамалар, соның ішінде кем дегенде вахта көмекші-машықтанушысының міндеттерін немесе капитанның, димломды маманның немесе практиканың тәжірибелі басшысының басқаруымен, жалпы сыйымдылығы 500 және одан жоғары болатын өздігінен жүзетін кемелерде практиканант міндеттінің орындалуын растайтын анықтамалар. АБФТЖ-н шектеулі аймағы операторының дипломы немесе АБФТЖ операторының дипломы. Капитанның вахта көмекшісін дайында бағдарламасы бойынша теңіз саласында білім беру	Жүзу өтілі кем дегенде 12 соның ішінде кем дегенде 1

мекемесінде дайындықтан өту туралы куәлік. Қауіпсіздік бойынша бастапқы дайындықтан өту туралы куәлік. Маманның құтқару шлюпкалары мен салдар және кезекші шлюпкалар бойынша дайындықтан өтуі туралы куәлік. Кеңейтілген бағдарлама бойынша өртпен қүреске дайындықтан өту туралы куәлік. Алғашқы медициналық жәрдем көрсету бойынша дайындықтан өту туралы куәлік. Радиолокациялық станцияны пайдалану бойынша дайындықтан өту туралы куәлік. Автоматтық радиолокациялық төсем жүйелерін пайдалану бойынша дайындық туралы куәлік болмаған жағдайда, диплом «АРТЖ-сыз» шектеумен беріледі. Электрондық картографиялық навигациялық ақпараттық жүйені пайдалану бойынша дайындықтан өту туралы куәлік. (ЭКНАЖ пайдалану бойынша дайындықтан өту туралы куәлік болмаған жағдайда, диплом «ЭКНАЖ-сыз» шектеумен беріледі). Корғау бойынша дайындықтан өту туралы куәлік

көмекші- машиқтанушысы міндеттерін немесе капитан димломды маманның нем практиканың тәжірибел басшысының басқаруымен, ж сыйымдылығы 500 және жоғары болатын өздігінен жүкемелерде практикант мінде орындау

3-кесте

3. Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары. Капитанның екінші көмекшісінің еңбек жағдайларына, біліміне мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар)	Теніз көлігінің ұйымдары	
Зиянды және қауіпті еңбек шартты	Сырганау, тайғақ беттер, бөліктердің немесе материалдардың еркін қозғалуы (құлау, доғысырғанау, тусу, тербелу), жанғыш және жарылыс қауіпті заттар, электр магниттік сәуле шу, діріл, жоғары және төмен температура және ылғалдылық, ауыр жұмыс (каркын ырғақсыз, біркелкілік, және т.б.), қолайсыз ая-райы жағдайлары (қар, ыстық, және т.б.) жұмыс істеу.	
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше шарттары	Тенізшілерді дайындау және дипломдау, және вахта жұмысын атқару туралы Халықар Конвенцияға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік актілеріне, Қазақ Республикасының кемелердегі қызмет Жарғысына сәйкес	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оку деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
	Кеме жүргізу саласында техникалық және кәсіптік білім туралы құжат . Оку бағдарламаларының орындалуын растайтын құжаттар немесе жүзу өтілі кем дегенде 12 ай болғандығын растайтын анықтамалар, соның ішінде кем дегенде вахта көмекші- машиқтанушысының міндеттерін немесе капитанның, димломды маманның немесе практиканың тәжірибелі басшысының басқаруымен, жалпы сыйымдылығы 500 және одан жоғары болатын өздігінен жүзетін кемелерде практикант міндеттін орындалуын растайтын	

4	<p>анықтамалар. АБФТЖ-ң шектеулі аймағы операторының дипломы немесе АБФТЖ операторының дипломы. Капитанның вахта көмекшісін дайындау бағдарламасы бойынша теніз саласында білім беру мекемесінде дайындықтан өту туралы куәлік Қауіпсіздік бойынша бастапқы дайындықтан өту туралы куәлік. Маманнның құтқару шлюпкалары мен салдар және кезекші шлюпкалар бойынша дайындықтан өтуі туралы куәлік. Қенейтілген бағдарлама бойынша өртпен құреске дайындықтан өту туралы куәлік. Алғашқы медициналық жәрдем көрсету бойынша дайындықтан өту туралы куәлік. Радиолокациялық станцияны пайдалану бойынша дайындықтан өту туралы куәлік. Автоматтық радиолокациялық төсем жүйелерін пайдалану бойынша дайындықтан өту туралы куәлік (АРТЖ пайдалану бойынша дайындық туралы куәлік болмаған жағдайда, диплом «АРТЖ-сыз» шектеумен беріледі). Электрондық картографиялық навигациялық ақпараттық жүйені пайдалану бойынша дайындықтан өту туралы куәлік. (ЭКНАЖ пайдалану бойынша дайындықтан өту туралы куәлік болмаған жағдайда, диплом «ЭКНАЖ-сыз» шектеумен беріледі). Корғау бойынша дайындықтан өту туралы куәлік</p>	<p>Жұзу өтілі кем дегенде 12 ай, с ішінде кем дегенде вахта көмекшісін дайындау бағдарламасының міндеттес немесе капитанның, диплом маманнның немесе практикал тәжірибелі басшысының басқару жалпы сыйымдылығы 500 және жоғары болатын өздігінен жүргізу кемелерде практиканкт міндеттес орындау.</p>
---	---	---

4-кесте

4. Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары. Капитанның аға көмекшісінің еңбек жағдайларына, біліміне мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (үйымдар)	Теңіз көлігінің кәсіпорындары мен үйымдары	
Зиянды және қауіпті еңбек шартты	Сырғанау, тайғақ беттер, бөліктердің немесе материалдардың еркін қозғалуы (құлау, домсырғанау, тұсу, тербелу), жангыш және жарылыс қауіпті заттар, электр магниттік сәулеленудіріл, жоғары және төмен температура және ылғалдылық, ауыр жұмыс (қарқындық, ырга біркелкілік, және т.б.), колайсыз аяу-райы жағдайлары (қар, ыстық, және т.б.), суда жұмыс іс-	
Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше шарттары	Теңізшілерді дайындау және дипломдау, және вахта жұмысын атқару туралы Халықар Конвенцияға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік актілеріне, Қазақ Республикасының кемелердегі қызмет Жарғысына сәйкес	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
	<p>Кеме жүргізу саласында жоғары кәсіптік білім алу туралы құжат.</p> <p>Капитанның аға көмекшісі дипломы.</p> <p>АБФТЖ операторы дипломы.</p> <p>Капитаннның вахта көмекшісі лауазымында кем дегенде 18 ай жүзгендігі туралы анықтама</p>	

	<p>, соның ішінде жалпы сыйымдылығы 500 және одан жоғары болатын кемелерде, алдыңғы бес жылда кем дегенде 12 ай жүзгендігі туралы анықтама. Капитанның аға көмекшілерін дайындау бағдарламасы бойынша теңіз саласында білім беру мекемесінде дайындықтан өту туралы күзілік.</p> <p>Қауіпсіздік бойынша бастапқы дайындықтан өту туралы күзілік. Маманнның құтқару шлюпкалары мен салдар және кезекші шлюпкалар бойынша дайындықтан өту туралы күзілік. Кеңейтілген бағдарлама бойынша ортпен құреспе дайындықтан өту туралы күзілік. Алғашқы медициналық жәрдем көрсету бойынша дайындықтан өту туралы күзілік. Медициналық құтім бойынша дайындықтан өту туралы күзілік. Радиолокациялық станцияны пайдалану бойынша дайындықтан өту туралы күзілік. Автоматтық радиолокациялық төсем жүйелерін пайдалану бойынша дайындықтан өту туралы күзілік (АРТЖ пайдалану бойынша дайындық туралы күзілік болмаған жағдайда, диплом «АРТЖ-сыз» шектеумен беріледі). Электрондық картографиялық навигациялық ақпараттық жүйені пайдалану бойынша дайындықтан өту туралы күзілік (ЭКНАЖ пайдалану бойынша дайындықтан өту туралы күзілік болмаған жағдайда, диплом «ЭКНАЖ-сыз» шектеумен беріледі). Қорғау бойынша дайындықтан өту туралы күзілік</p>	<p>Кемеде дайындықтан өткен, дайындық мақұлданған бағдарламасының бөлігі ретінде кем дегенде 12 ай мақұлданған жұмыс болуы және дайындықты тіркеудің мақұлдағы кітапшасында құжатпен расталуы керек, не кемеде кем дегенде 36 ай мақұлданған жұмыс болуы шарт</p>
5		

Ескертпе :

АБГТЖ - Апат кезінде және қауіпсіздікті қамтамасыз өту үшін байланыстың галамдық теніз жүйесі ;

ЭКНАЖ - электрондық картографиялық навигациялық ақпараттық жүйе;

АРТЖ - автоматтық радиолокациялық төсем жүйесі.

«Теніз кемесін пайдалану»
кәсіби стандартына
3-қосымша

КС бірліктерінің тізімі

1-кесте

1. «Капитанның төртінші көмекшісі» еңбек қызметінің (кәсіптің) түрі

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атаяу
1 Ф	Кеме операцияларын басқару және пайдалану деңгейінде кемедегі адамдарды өз құзыреті шегінде күту

2-кесте

2. «Капитанның үшінші көмекшісі» еңбек қызметінің (кәсіптің) түрі

Шифр	Еңбек функциясының (қасіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Кеме операцияларын басқару және пайдалану деңгейінде кемедегі адамдарды өз күзыреті шегінде күтү

3-кесте

3. «Капитанның екінші көмекшісі» еңбек қызметінің (кәсіптің) түрі

Шифр	Еңбек функциясының (қасіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Кеме операцияларын басқару және пайдалану деңгейінде кемедегі адамдарды өз құзыреті шегінде күтү

4-кесте

4. «Капитанның аға көмекшісі» еңбек қызметінің (кәсіптің) түрі

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Пайдалану деңгейінде жүктөрді арту және түсіру
2 Ф	Кеме операцияларын басқару және пайдалану деңгейінде кемедегі адамдарды өз құзыреті шегінде күтү

Ескерте: Φ – функция.

«Теніз кемесін пайдалану»
кәсіби стандартына
4-қосымша

КС бірліктерінің сипаты

1-кесте

1. «Капитанның төргінші көмекшісі» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифрі	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер	Шеберлігі мен дағдылары	Білімі
1 A	З 1.1: Кемедегі рөлдерді, кеден декларацияларын, жолаушылар тізімін және басқа да жедел құжаттаманы құру	Кеме іс қағаздарын жүргізу бойынша нұсқаулық	Жедел құжаттама	Кемедегі рөлдерді, кеден декларацияларын, жолаушылар тізімін және басқа да жедел құжаттаманы құру дағдылары	Кеме кеңесін жүйе бойынша нұсқаулық білу
	З 1.2: Кеменің келуін және кетуін ресімдеу	Кеме іс қағаздарын жүргізу бойынша нұсқаулық	Тізімдемелер	Кеменің келуін және кетуін ресімдеу дағдылары	Кеме кеңесін жүйе бойынша нұсқаулық білу
	З 1.3: Кемеге, машинаға және басқаларға қатысты журналдарды алу және тіркеу	Кеме іс қағаздарын жүргізу бойынша нұсқаулық	Журналдар	Кемеге, машинаға және басқаларға қатысты журналдарды тіркеу дағдылары	Кеме кеңесін жүйе бойынша нұсқаулық білу
	З 1.4: Экипаждың тізімдік құрамын, жұмыс уақытын, лауазымдық орын ауыстырулар есебін енгізу, демалыс графиктерін құру	Кеме іс қағаздарын жүргізу бойынша нұсқаулық	Есеп журналы, графика	Экипаждың тізімдік құрамын, жұмыс уақытын, лауазымдық орын ауыстырулар есебін енгізудің демалыс графиктерін құру дағдылары	Кеме кеңесін жүйе бойынша нұсқаулық білу

2-кесте

2. «Капитанның үшінші көмекшісі» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифрі	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер	Шеберлігі мен дағдылары	Білімі
	З 1-1 Навигациялық және кәсіпшілік карталарды, жүзуге арналған құралдарды және түзету құжаттамасын уақытылы алу, сактау және есепке алу	Есепке алу жүйесі. Карталар мен құралдар номенклатуrasesы		Навигациялық және кәсіпшілік карталармен, жүзуге арналған құралдармен Навигациялық және кәсіпшілік карталар, жүзуге арналған құралдар және түзету құжаттамасы	Навигациялі және кәсіпшілік карталарды жүзуге арна құралдарды түзету құжаттамасымен, карталармен және түзету жүзуге арналған басқа құралдармен жұмыс істеу дағдылары Карталар мен құралдарға түзету жүргізу дағдылары
	З 1-2 Кемеге келіп түсетін навигациялық, гидрометеорологиялық және кәсіпшілік ақпараттың есебін жүргізу	Кемелік және навигациялық журналдар		Навигациялық және кәсіпшілік карталар, жүзуге арналған құралдар және түзету құжаттамасы	Кемелік және вахталық журналдарды жүргізу дағдылары

	3 1-3 Рөлдік және штурман рубкаларын, өз менгеруіндегі аспаптар мен құралдардың барлық радионавигациялық жабдықтарының дұрыс жұмыс істеуін, дұрыс пайдаланылуын және уақытылы жөнделуін камтамасыз ету. Техникалық құжаттаманы жүргізу	Техникалық құжаттама	Рөлдік және штурман рубкаларын, өз менгеруіндегі аспаптар мен құралдарды радионавигациялық жабдықтау. Техникалық құжаттама	Рөлдік және штурман рубкаларының барлығының радионавигациялық жабдықтарының дұрыс пайдаланылуын және уақытылы жөнделуін, хронометрдің түзетілуін анықтауды, кеме сағатын салыстырып тексерілуін, техникалық құжаттаманы жүргізуің бақылау дағдылары	Пайдаланылғылар аспаптардың барлық түрлері міндеті, жікті құрылғысын схемасы, сипаттамасы жұмыс принципіне техник пайдаланылу
Ф 1	3 1-4 Хронометрдің түзетілуін анықтау, кеме сағатын салыстырып тексеру (тәулік сайын)	Хронометрлер журналы	Хронометр, кеме сағаттары	Хронометрдің түзетілуін анықтаудың, кеме сағатын салыстырып тексерудің (тәулік сайын) тәртібін және рәсімдерін білу	Хронометрдің кеме сағаты міндеті, жікті құрылғы схемасы, сипаттамасы жұмыс принципіне техник пайдаланылу
	3 1-5 Кемеде девиациялық жұмыстардың уақытылы жасалуын бақылау	Девиация кестелері	Магниттік компастар	Кемеде девиациялық жұмыстардың жүргізу алгоритмін білу	Магниттік компастардың міндеті, жікті құрылғысын схемасы, сипаттамасы жұмыс принципіне техник пайдаланылғы магниттік компастардың қалдық девиациясы анықтаудың жоюды білу
	3 1-6 Пиротехникалық құралдарды алу, ауыстыру және тиісті түрде сактау	МК СОЛАС - 74. Пиротехникалық құралдарды пайдалану және сақтау бойынша нұсқаулықтар	Пиротехникалық құралдар	Пиротехникалық құралдарға есеп жүргізу және оларды сақтау дағдылары	Пиротехникалық құралдарды міндеті және оларды сақтау тәртібі
	3 1-7 Өз менгеруіндегі аспаптар мен құралдарды	Өз менгеруіндегі аспаптар мен құралдар. Пайдалану бойынша нұсқаулықтар,	Қызыметкерлердің біліктілігі	Өз менгеруіндегі аспаптар мен құралдарды бойынша матростармен сабактар және	Өз менгеруіндегі аспаптар мен құралдарды міндеті, жікті құрылғысын схемасы, сипаттамасы

пайдалану бойынша матростармен сабактар және жаттығулар жүргізу	әдістемелік ұсыныстар және басқалары	жаттығулар жүргізу дағдылары	жұмыс при- және техник пайдаланылу
---	--	---------------------------------	--

3-кесте

3. «Капитанның екінші көмекшісі» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифрі	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер	Шеберлігі мен дағдылары	Білімі
	3 1.1 Жұк операцияларын, әсіресе женіл тұтанатын және жарылыс қауіпті жүктөрмен операцияларды жүзеге асырған кезде өрт қауіпсіздігі ережелерінің, сондай-ақ улы және басқа қауіпті заттарды тасымалдау ережелерінің орындалуын қамтамасыз ету.	Кеменің орнықтылығы және сұға батпайтындығы туралы ақпарат. Кеме қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар (кеме орнықтылығын арттыру және кеменің теңіз әрекетінен жалпы корғалуын қамтамасыз ету). Жүктеу және балласттау ережелері. Қауіпті жүктөрді тасымалдау бойынша Халықаралық ережелер, кодекстер талаптары және ұсыныстар. Дайындаушы зауыттан кемеге берілген техникалық күжаттама	Кеменің орнықтылығы және сұға батпайтындығы туралы ақпарат. Кеме қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар (кеме орнықтылығын арттыру және кеменің теңіз әрекетінен жалпы корғалуын қамтамасыз ету). Жүктеу және балласттау ережелері. Қауіпті жүктөрді тасымалдау бойынша Халықаралық ережелер, кодекстер талаптары және ұсыныстар. Дайындаушы зауыттан кемеге берілген техникалық күжаттама	Штаттан тыс жағдайлар туындаған кезде шешім қабылдау	Кеменің орнықтылығы сұға батпайтынды туралы ақпа Кеме қауіпсіз қамтамасыз бойынша шаралар (кеме орнықтылығын арттыру және кеменің теңіз әрекетінен жалпы корғалуын қамтамасыз ету). Жүктеу және балласттау ережелері. Қауіпті жүктөрді тасымалдау бойынша Халықаралық ережелер, кодекстер талаптары және ұсыныстар. Дайындаушы зауыттан кемеге берілген техникалық күжаттама
	3 1.2 Трюомдердің санитарлық жағдайын бақылау және рефрижераторлық трюомдер мен жұк орынжайларындағы температурлық режимнің үсталуын бақылау	Теңіз кемелерін техникалық пайдалану ережелері, трюомдер мен жұк орынжайларының жағдайына қойылатын талаптар. Дайындаушы зауыттан кемеге берілген	Теңіз кемелерін техникалық пайдалану ережелері, трюомдер мен жұк орынжайларының жағдайына қойылатын талаптар. Дайындаушы зауыттан кемеге берілген	Орынжайлардың, жұк күрылғыларының техникалық жағдайларына тексеру жүргізу дағдылары	Теңіз кемелерін техникалық пайдалану ережелері, трюомдер мен жұк орынжайлары жағдайына қойылатын талаптар. Дайындаушы зауыттан кемеге берілген

	техникалық күжаттама	техникалық күжаттама		техникалық күжаттама	
Ф 1	<p>3 1.3 Лъялолардың, құдықтардың, мойындардың, қабылдау торларының, желдету жүйелерінің және басқа құрылғылардың, жүк орынжайларының жағдайына қойылатын талаптар.</p> <p>Дайындаушы зауыттан кемеге берілген техникалық күжаттама</p>	<p>Теңіз кемелерін техникалық пайдалану ережелері, трюмдер мен жүк орынжайларының жағдайына қойылатын талаптар.</p> <p>Дайындаушы зауыттан кемеге берілген техникалық күжаттама</p>	<p>Орынжайлардың, жүк құрылғыларының техникалық жағдайларына тексеру жүргізу дағдылары</p>	<p>Теңіз кемелі техникалық пайдалану ережелері, трі мен жүк орынжайлары жағдайына қойылатын талаптар.</p> <p>Дайындаушы зауыттан кең берілген техникалық күжаттама</p>	
	<p>3 1.4 Арту-тұсіру жұмыстарының механизациясы мен трюм ішлік механизацияның кеме құралдарының техникалық дұрыс жұмыс істеуінің қамтамасыз етілуін бақылау</p>	<p>Теңіз кемелерін техникалық пайдалану ережелері, трюмдер мен жүк орынжайларының жағдайына қойылатын талаптар.</p> <p>Дайындаушы зауыттан кемеге берілген техникалық күжаттама</p>	<p>Теңіз кемелерін техникалық пайдалану ережелері, трюмдер мен жүк орынжайларының жағдайына қойылатын талаптар.</p> <p>Дайындаушы зауыттан кемеге берілген техникалық күжаттама</p>	<p>Теңіз кемелі техникалық пайдалану ережелері, трі мен жүк орынжайлары жағдайына қойылатын талаптар.</p> <p>Дайындаушы зауыттан кең берілген техникалық күжаттама</p>	
	<p>3 1.5 Трюмдердің, танктердің және басқа жүк орынжайларының дұрыс ашылуын және жабылуын бақылау.</p> <p>Оларды жабар алдында онда адамның жоқ екендігін бақылауійді, жүк орынжайларын мөрлеу кезінде қатысады және пломбалардың бұзылмаушылығын тексереді</p>	<p>Теңіз кемелерін техникалық пайдалану ережелері, трюмдер мен жүк орынжайларының жағдайына қойылатын талаптар.</p> <p>Дайындаушы зауыттан кемеге берілген техникалық күжаттама</p>	<p>Теңіз кемелерін техникалық пайдалану ережелері, трюмдер мен жүк орынжайларының жағдайына қойылатын талаптар.</p> <p>Дайындаушы зауыттан кемеге берілген техникалық күжаттама</p>	<p>Жүк операцияларын үйімдастыру және бақылау жүргізу дағдылары</p>	<p>Теңіз кемелі техникалық пайдалану ережелері, трі мен жүк орынжайлары жағдайына қойылатын талаптар.</p> <p>Дайындаушы зауыттан кең берілген техникалық күжаттама</p>
	<p>3 1.6 Трюмдердің өртке қарсы жабдықтарының жағдайын бақылау</p>	<p>Теңіз кемелерін техникалық пайдалану ережелері, трюмдер мен жүк орынжайларының жағдайына қойылатын талаптар.</p>	<p>Теңіз кемелерін техникалық пайдалану ережелері, трюмдер мен жүк орынжайларының жағдайына қойылатын талаптар.</p>	<p>Өртке қарсы жабдықтардың, орынжайлардың, жүк құрылғыларының техникалық</p>	<p>Теңіз кемелі техникалық пайдалану ережелері, трі мен жүк орынжайлары жағдайына қойылатын талаптар.</p>

	Дайындаушы зауыттан кемеге берілген техникалық құжаттама	Дайындаушы зауыттан кемеге берілген техникалық құжаттама	жагдайларына тексеру жүргізу дағдылары	Дайындаушы зауыттан кемеге берілген техникалық құжаттама
--	--	--	--	--

4-кесте

4. «Капитанның аға көмекшісі» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифрі	Міндеттер	Еңбек құралы	Еңбек мәні	Біліктері мен дағдылары	Білімі
3 1.1	Жұк жоспарын әзірлеу және кейіннен оны кеме капитанының бекітуі	<p>Кеменің орнықтылығы және суға батпайтындығы туралы ақпарат.</p> <p>Кеме қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар (кеменің орнықтылығын арттыру және кеменің теңіз әрекеттерінен жалпы қорғалуын қамтамасыз ету), жүктеу және балласттау ережелерін білу.</p> <p>Қауіпті жүктерді тасымалдау бойынша</p> <p>Халықаралық ережелер, кодекстер талаптар және ұсыныстар.</p> <p>Дайындаушы зауыттан кемеге берілген техникалық құжаттама</p>	Арту	<p>Жұк жоспарын кұра білу.</p> <p>Жүктің сипаттамаларын, оның қасиеттерін талдау</p>	<p>Кеменің орнықтылығы және су батпайтынды туралы ақпа жілү.</p> <p>Кеме қауіпсіздігін қамтамасыз бойынша шараларды кеменің тәсілдерінен жалпы қорға қамтамасыз бойынша шараларды жүктеу және балласттау ережелерін Қауіпті жүк тасымалдау бойынша Халықаралық ережелер, кодекстер талаптар және ұсыныстарды .</p> <p>Дайындаушы зауыттан кемеге берілген техникалық құжаттама</p>
		<p>Кеменің орнықтылығы және суға батпайтындығы</p>			<p>Кеменің орнықтылығы және су батпайтынды туралы ақпа жілү.</p>

		туралы акпарат. Кеме қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар (кеменің орнықтылығын арттыру және кеменің теңіз әрекеттерінен жалпы қорғалуын қамтамасыз ету), жүктеу және балласттау ережелерін білу. Қауіпті жүктөрді тасымалдау бойынша Халықаралық ережелер, кодекстер талаптар және ұсыныстар. Дайындаушы зауыттан кемеге берілген техникалық құжаттама	Кемедегі жүк құрылғылары және жүкке арналған орынжайлар	Кол астындағы жұмыскерлердің қызметін ұйымдастыра және бақылай білу	білү. Кеме қауіпсіздігін қамтамасыз бойынша шараларды кеменің теңіз әрекеттерінен жалпы қорға қамтамасыз бойынша шараларды жүктеу және балласттау ережелерін Қауіпті жүктөрді тасымалдау бойынша Халықаралық ережелер, кодекстер талаптар және ұсыныстарды . Дайындаушы зауыттан кемеге берілген техникалық құжаттама
Ф 1		З 1.2 Жүктөрдің тиісті түрде орналастырылуын және салынуын, қауіпті жүктөрді теңізben тасымалдау ережелерінің орындалуын, сондай-ақ қабылданатын жүк құрылғысының техникалық жағдайын, сұйық зат таситын кемелердегі жүк танктіренің тазалағын бақылау			
		З 1.3 Палубалы құрылғылар мен жүктөрдің рейсте тиісті түрде бекітілуін бақылау	Кемедегі жүк құрылғылары және жүкке арналған орынжайлар	Кол астындағы жұмыскерлердің қызметін ұйымдастыра және бақылай білу	Кеме қауіпсіздігін қамтамасыз бойынша шараларды кеменің орнықтылығын арттыру және кеменің теңіз әрекеттерінен жалпы қорға қамтамасыз Жүктеу және балласттау ережелерін Қауіпті жүктөрді тасымалдау бойынша Халықаралық ережелердің кодекстерді талаптарды ұсыныстарды . Дайындаушы зауыттан кемеге берілген

				техникалық құжаттама
	3 2.1 Кеме кестелерін құру және түзету	МК СОЛАС-74, МК МАРПОЛ 73/78, КӨКН, өміршендік үшін күрес құралдары, өрттің алдын алу, анықтау және сөндіру әдістері мен құралдары	Кеме екипажы	Кеме кестелерін құру және түзету
Ф 2	3 2.2 Кеме өміршендігі үшін күрес бойынша, құтқару құралдарын пайдалану бойынша, сондай-ақ адамдарды, жүкті және кеме мүлігін құтқару бойынша әкіп аж дайындығын ұйымдастыру және жүргізу. Авариялық партиялардың және топтардың дайындығын бақылау, кеме өміршендігі үшін күрес бойынша әкіп аж әрекеттеріне тікелей басшылық ету.	МК СОЛАС-74, МК МАРПОЛ 73/78, КӨКН, кеме кестелері, өміршендік үшін күрес құралдары, өрттің алдын алу, анықтау және сөндіру әдістері мен құралдары. Кемелерге арналған Халықаралық медициналық нұсқау. Халықаралық сигналдар жинағының (ХСЖ-65) медициналық бөлімі. Қайғылы жағдайларда алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша нұсқаулар.	Кеме екипажы	МК СОЛАС-74, МК МАРПОЛ 73/78, КӨКН, кестелері, өміршендік қүрес құрал, өрттің алдын анықтау және сөндіру әдістері мен құралдары. МК СОЛАС-74, МК МАРПОЛ 73/78, КӨКН, кестелері, өміршендік қүрес құрал, өрттің алдын анықтау және сөндіру әдістері мен құралдары. Кол астындағы жұмыскерлердің қызметін ұйымдастыра және бакылай білу. Кемелерге арналған Халықаралық медициналь нұсқау. ХСЖ-65 медициналь бөлімі. Қайғылы жағдайларда алғашқы медициналь көмек көрсету бойынша нұсқаулар.
	3 2.3 Құтқару құралдарының дереу пайдалануға дайындығын, олардың тиісті жабдықтаумен жасақталғандығын қамтамасыз ету	МК СОЛАС-74	Құтқару құралдары	Құтқару құралдарының шұғыл түрде үнемі дайын тұруын, олардың тиісті жабдықпен жарактануын қамтамасыз ету бойынша қол астындағы жұмыскерлердің іс-әрекетін ұйымдастыра және бакылай білу
	3 2.4 Бортта өнімнің төмендемейтін қорларының	«Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, кеме иесі	Өнімнің төмендемейтін қорлары	Бортта азық-түліктің төмендемейтін қорының болуын және тиісті түрде сақталуын қамтамасыз ету бойынша қол астындағы
				Кеме компаниясы

	боловын және оның тиісті сақталуын қамтамасыз ету	компаниясының қауіпсіздігін басқару жүйесі		жұмыскерлердің іс-әрекетін үйымдастыра және бақылай білу	қауіпсіздігін басқару жүйесі
	З 2.5 Балластық цистерналарды толтыруды бақылау және есептеу	Әртүрлі арту деңгейлері кезінде к е м е орнықтылығын есептеу	Балластық цистерналар	Балластық цистерналардағы және аудиосу цистерналарындағы судың мөлшерін, оның шығынын бақылай және есепке ала білу	Артудың әр деңгейлері кезіндегі көңіл орнықтылығын туралы ақпа жағдайлары
	З 2.6 Экипаж мүшелерін және кемеге уақытша келген тұлғаларды тұрғын орынжайларына орныластыру (кызыметті бастықтарымен бірге)	Кеменің конструктивтік ерекшеліктері (типі және міндеті)	Экипаж, кемеге уақытша келген тұлғалар	Қоластындағы жұмыскерлердің қызметін үйымдастыра және бақылай білу	Кеменің конструктивтік ерекшеліктерінде міндетті бастықтары мен бірге
	З 2.7 Кеменің әртүрлі аспаптарын, механизмдерін және құрылғыларын дұрыс пайдалануды және тиісті үйде үстәуді қамтамасыз ету	Кеменің, жабдықтың және жарактаудың техникалық формуляры. Кеменің әртүрлі аспаптарын, механизмдерін және құрылғыларын падалану бойынша нұсқау	Кеме экипажы (командалық құрам және палубалық команда)	Қоластындағы жұмыскерлердің қызметін үйымдастыра және бақылай білу	Теніз кемелерінде жабдықтың және жарактаудың техникалық формулярын пайдалану Ережелері
	З 2.8 Кеменің су өткізбейтін бөліктерінің және жабындыларының жағдайын аға механикпен бірге тексеру	Теніз кемелерін пайдалану Ережелері	Кеменің су өткізбейтін бөліктері және жабындылары	Қоластындағы жұмыскерлердің қызметін үйымдастыра және бақылай білу	Теніз кемелерінде жабдықтың және жарактаудың техникалық формулярын пайдалану Ережелері
	З 2.9 Кеме жұмыстарының жүргізілуін жоспарлау және жүзеге асыру. Тағамның дайындалу сапасын қадагалау	ҚР ТККЖ, әртүрлі жұмыс түрлерін жүргізу кезінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтар. Органолептикалық әдіс	Кеме жұмыстары. Тағам.	Қоластындағы жұмыскерлердің қызметін үйымдастыра және бақылай білу	ҚР ТККЖ әртүрлі жұмыс түрлерін жүргізген кемелерде жабдықтың және жарактаудың техникалық формулярын пайдалану Ережелері
	З 2.10 Мастростарды қызметтері	ҚР ТККЖ, әртүрлі жұмыс түрлерін жүргізу кезінде қауіпсіздік			ҚР ТККЖ әртүрлі жұмыс түрлерін жүргізген кемелерде жабдықтың және жарактаудың техникалық формулярын пайдалану Ережелері

	бойынша практиканттарды кеме қызметтері бойынша практика басқарушысымен бірге тарату	және еңбекті корғау бойынша нұсқаулықтар. Практикаға арналған тапсырма	Кеме экипажы палубалық команда	(Кол астындағы жұмыскерлердің қызметін ұйымдастыра және бақылай білу	техникалықауіпсіздік : еңбекті қој бойынша нұсқаулықта практикаға берілген тап
3 2.11	Апаттық-құтқару, өртке қарсы және арнайы мүлікті, сондай-ақ құрал-сайманды, жабдықтарды және жалпы кемелік қызмет бойынша шығын материалдарын уақытылы алу, сактау, шығындауды есептеуді қамтамасыз ету	МК СОЛАС-74, МК МАРПОЛ 73/78, КӨКН, Кемелерге арналған Халықаралық медициналық нұсқау. Кеме иесі компаниясының қауіпсіздікі басқару жүйесі	Кемені материалдық-техникалық қамсыздандыру	Материалдық-техникалық қамсыздандандыру бойынша құжаттаманы жүргізу	Пайдалану мерзімдерін белгіленген нормаларын сактау шарты және есеп шыгару тәрбілүү
3 2.12	Өз менгеуіндегі техникалық жағдайды есептеуді бойынша құжаттаманы жүргізу. Жөндеу тізімдемелерін дайындау. Жоспарлар құру, жаттығулар, оқытулар, қараулар, тексерулер жүргізу және олардың орындалуын қамтамасыз ету. Кеменің бүйіркітір кітабын жүргізу	Кемелерді пайдалану ережелері. ҚР ТККҚЖ. Кеме және машина журналдарын жүргізу ережелері және т.б.	Жалпы кемелік құжаттама	Материалдық-техникалық қамсыздандандыру бойынша құжаттаманы жүргізу. Іс өндірісін жүргізу	Іс жүргізу
3 2.13	Рейске шыгар алдында, әрекеттерді ҚР ТККҚЖ ережелеріне сәйкес орындау	ҚР ТККҚЖ, рейстік тапсырма	Кеме, кеме экипажы	Кол астындағы жұмыскерлердің қызметін ұйымдастыра және бақылай білу	ҚР ТККҚ рейстік тапсы
3 2.14	Рейсте әрекеттерді ҚР ТККҚЖ ережелеріне сәйкес орындау	ҚР ТККҚЖ, рейстік тапсырма, КСАХЕ-72, ХМҚА, ХДЖ-65, қауіпсіздікі басқару жүйесі	Кеме, кеме экипажы.	Кол астындағы жұмыскерлердің қызметін ұйымдастыра және бақылай білу	ҚР ТККҚ рейстік тапсы КСАХЕ-72, ХМҚА, ХДЖ қауіпсіздікі басқару жүйесі

Е с к е р т п е :

СОЛАС - 74 ХК – Адам өмірін теңізде қорғау бойынша халықаралық
конвенция С О Л А С – 74 ;

ХДЖ-65 – Халықаралық дабылдар жинағы;

КСАХЕ-72 - Теңізде Кемелердің Соқтығысының Алдын алудың Халықаралық
Ережелері ;

МАРПОЛ 73/78 ХК – Кемелердің ластануын алдын алу бойынша
халықаралық конвенция ;

ҚР ТККҚЖ - Қазақстан Республикасының теңіз көлігі кемелеріндегі қызмет
жарғысы ;

КӨКН – Кемелердің өміршендігі үшін күрес бойынша нұсқау.

«Теңіз кемесін пайдалану»
кәсіби стандарттына
5-қосымша

Келісу парагы

Ұйымның атапы	Келісу мерзімі
Қазақстан Республикасы Енбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	
Осы КС	тіркелді.
Кәсіби стандарттардың реестріне №	тіркелді.
Хат (хаттама) № Күні	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК